ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 09 тамыз №2301-24-00-2/2082 Атырау қаласы

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:төрағалық етуші судья А.Е.Султангалиева, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Атырау облысы Ішкі саясат басқармасы жанындағы «Қоғамдық келісім» коммуналдық мемлекеттік мекемесі,

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер Сакен Казбекович Кузербаев,

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы,
2. Тұрақсыздық айыбын өндіру туралы,

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 117, 267-4, 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Атырау облысы Ішкі саясат басқармасы жанындағы «Қоғамдық келісім» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер жеке кәсіпкер Сакен Казбекович Кузербаевты мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және 28336 теңге тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы – қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер Сакен Казбекович Кузербаевмемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер Сакен Казбекович Кузербаевтан мемлекет кірісіне 28 336 (жиырма сегіз мың үш жүз отыз алты) тұрақсыздық айыбын, 2697 (екі мың алты жүз тоқсан жеті) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде

Құжатқа қол қойылған: Султангалиева А. Е., 09.08.2024

Заңды күшіне енген күні: 16.09.2024, судья Султангалиева А. Е., 17.09.2024

хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге Атырау облыстық сотының азаматтық істері жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, прокуродың өтінішхаты Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья А.Е.Султангалиева
Көшірмесі дұрыс. Судья А.Е.Султангалиева
Анықтама: шешім заңды күшіне 2024 жылдың 16 қыркүйегінде енді.
Судья А.Е.Султангалиева

Құжатқа қол қойылған: Султангалиева А. Е., 09.08.2024
Заңды күшіне енген күні: 16.09.2024, судья Султангалиева А. Е., 17.09.2024
2301-24-3-1/2205